

УДК 373.2

Д.Т. Каримова,

№ 2 бөбектер бақшасы (Ақсу қ.),

Ж.К. Даниярова, педагогика ғылымдарының кандидаты

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

E-mail: karimova_dinara_1986@mail.ru

Балабақшадағы мектепке дейінгі 5–6 жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру

Аңдатпа. Бұл мақалада 5–6 жас шамасындағы балаларды балабақша жағдайында коммуникативтік дағдылардың қалыптасу үрдісінің ерекшеліктері қарастырылады. Авторлар коммуникативтік дағдылардың қалыптасуы кезінде жас шамасындағы балаларда құрдастарымен жағдайлық іскерлік қарым-қатынастағы қажеттілік пайда болатынын белгілейді. Бірлескен ойын әрекеті қарым-қатынастың мазмұны ретінде болады, құрдастарынан құрметтеу мен қадірлеуге деген қажеттілік туындайды. Қарым-қатынас шеңберін кеңейтуде баладан негізгі сөйлеу тілі болып табылатын қатынас құралын толыққанды игеруді талап етеді. Баланың күрделенген іс-әрекетінде сөйлеу тілін дамыту бірнеше бағыттарда жүреді өзге адамдармен қарым-қатынаста қолдану жетілдіріледі, сонымен қатар сөйлеу тілі психикалық үрдістердің қайта құрылуының негізі, ойлау құралы ретінде болады. Сондай-ақ, қарым-қатынасқа түсе білу өмір сүру кезінде қалыптасады және әлеуметтік тәжірибенің негізі болып табылады.

Түйін сөздер: коммуникативтік дағды, мектепалды жасы, жағдайлық-іскерлік, қарым-қатынас, балабақша, сюжеттік-рольдік ойын, психологиялық қажеттіліктер.

Балабақшадағы мектепке дейінгі 5–6 жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру тақырыбы өзекті болып келеді, өйткені қарым-қатынас басқа адамдармен мектепке дейінгі жастан неғұрлым қарқынды дамып, туындайды.

Білімділік пен тәрбиенің нәрі мектепке дейінгі ұйымнан басталады. Үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы – мектепке дейінгі білім беру мәселесіне бүгінгі таңда жан-жақты көңіл бөлінуде. Қазіргі кезде халық назарын аударып отырған басты мәселе-мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие-білім беру жұмыстарының мазмұнын, міндетін жаңарту, ұлттық негізде құру. Сондықтан балабақшадағы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дағдысы мектепке дейінгі ұйымнан басталатыны бәрімізге мәлім және ол қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі кезде қоғамда жүріп жатқан өзгерістер, жаңару, балабақшадағы мектеп жасына дейінгі балалардың білім сапасын жақсартуды талап етуде.

Олай болса, балабақшадағы мектепке дейінгі ұйымда бала өз ана тілін меңгеру барысында тілдік қатынастың аса маңызды түрі – ауызша сөйлеп үйреніп жатады, ол сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл-ой дамуымен біртұтас жүреді. Педагогика ғылымының тарихына үңілсек, баланың сөздерді дұрыс байланыстыра сөйлеуін дамытуда зор үлес қосқан Я.А.Коменский, К.Д. Ушинский, С. Л. Рубинштейн, А. М. Леушина, Т. Тихеева және т.б. зерттеушілердің еңбектерінен аңғаруға болады. Елдігімізді жарялаған сәттен бастап, жаңа заман талабына сай келетін қазақ тілінде жазылған бала тілін дамытуда зерттеулер жүргізген ғалымдар Б. Баймұратова, А. Меңжанова, М. Мұқанов, А. Бакраденова және т.б. еңбектерін де назар аудартуға тұрарлық. Бала тілінің дамуы қарым-қатынастың ең негізгі түп тамыры. Қарым-қатынас барысында өзінің ойын еркін жеткізіп, пікірімен алмаса алады. Әсіресе, мектеп жасындағы балалар ойын барысында бір-бірін толық түсіну үшін қарым-қатынас тілі өзекті болмақ. Еліміз егемендігін қолға алып жас ұрпақтың болашағына маңызды жол ашып, білім нәрін сусындатып, тілдік құзәреттілікті дамытуды ең маңызды түйінге айналдырды.

Коммуникация – бұл серіктестермен қарым-қатынас бойынша өзара ақпарат алмасу процесі, басқа адамдармен байланысу, қарым-қатынас орнату. Коммуникация (лат. communication байланысамын, қатынасамын) – адамдардың танымдық-еңбек процесінде қатынас жасау, пікір алысу, ой бөлісу – олардың бір-бірімен әрекет жасауының айрықша формасы болып табылады.

«Коммуникация» терминін саясаттану ғылымында саяси контексте алғаш рет ХХ ғ. басында қолданысқа енгізген зерттеушілердің бірі – Ф. Ратцелдің айтуынша, «саяси қатынаста ақпаратты тарату барлық коммуникациялық қызметтің ең маңыздысы саналады. Дегенмен коммуникация термині кең мағынасында сөз, іс-шара, бейне және басқа да материалдық тасымалдаушыларға түсірілген нышандар арқылы адамнан адамға ақпарат берілуі деп саналады. Коммуникация саяси ықпал етудің символикалық та, визуалдық та құралы ретінде ежелден қоғаммен бірге пайда болып, дамып келе жатыр.

Балабақшада балалардың ана тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту, қалыптастыру үшін алдымен балаларға көрке шығармалардың маңызы зор. Балалар оқи алмаса да зейін қойып тыңдай біледі. Сондықтан балаларға көркем, шағын шығармаларды оқу арқылы олардың сөйлеу мәдениетін дамытуға болады.

Баланың сөзді байланыстыра айта білуі дегеніміз – сөз бен сөйлемдердің үлесімділігі ғана емес, бұл бір-бірімен байланыста келген, дұрыс сөйлемдерден құралған бала ойының сыртқы жаңғырығы. Бала сөйлеу барысында, ойлай білуге де үйренеді. Одан баланың ойлау логикасын, өзін қоршаған әлемді қаншалықты қабылдап, сыртқа жаңғырта білуін байқауға болады.

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», – деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай, балалардың ана тілінде шұбарламай сауатты сөйлеуі болшақ үшін өте маңызды. Сондықтан балалардың сауатты, анық, мәдени сөйлеуін дамыту, қалыптастыру балабақшаның бір міндеті десек те болады. Бала бойына адамгершілік пен сауаттылықты сіңіру де ұлттық ойындар, қызықты ертегілер, шағын өлең шумақтары, мақал-мәтелдер мен жаңылтпаштардың маңызы зор.

«Ел болам десек, бесігіңді түзе», – деп жазушы М. Әуезов айтқандай, елдігіміздің ертенін қалыптастыратын осы бөбектер. Бала бойын асыл мұраны сіңіре отырып тәрбиелесек, бесігіміз түзу, болашағымыз жарқын болатыны анық.

Сонымен қатар ана тілінде анық, сауатты, байланысытып, мәдени сөйлеуін қалыптастыру да ойынның маңызы да зор. Ойын арқылы баланың ойы, тілі, дүние танымдық қабілеттері дамиды.

«Ойын» ұғымына түсініктеме берсек – бұл адамның мінез-құлқын өзі басқарумен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізінде іс-әрекеттің бір түрі. Ойын әрекеті мынадай қызметтерді атқарады:

- коммуникативтік немесе қарым-қатынастық
- диагностикалық (ойын барысында өзін-өзі тану)
- коррекциялық (өзін-өзі түзету)
- әлеуметтендіру.

Ойын – адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып өз білімін жетілдіреді.

Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Л.С. Выготский пікірінше, ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бірі деуге болады. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырып, қоршаған орта мен құбылыстардың ақиқат сырын ұғынып үйрене бастайды. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойнайды, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері мен таным үрдістері дамиды, мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Халық даналығында «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» деген аталы сөздер сырына жүгінсек, мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым-қатынасы, мінез-құлқын көріністері олар өсіп есейгенде де жалғаса береді. Ойындардың негізгі мақсаты балалардың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, қабылдауын дамытуға, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбыларының іс-әрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру.

Сонымен бала тұлғасының ақыл-ой және адамгершілік баюына бала тілінің дұрыс дамуының ерекше маңызы бар екендігі еш күмән келтірмейді. Айтылған сөздерінің нақты заттарға, құбылыстарға, сонымен бірге адамдардың іс-қылықтары мен әсерлеріне сәйкестігіне, сөйлеудің мазмұндылығы мен мәнерлігіне, балалардың сөздік қорының молаюына және оған жинақтаушы сөздердің енуіне аса көңіл бөліп отыру қажет.

5–6 жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын ойын арқылы қалыптастыруға да болады.

Ойын – іс-әрекеттің түрі. Ойын балалардың күш-қуатын, ақыл-ойын, мінез-құлқын тәрбиелеуге қызмет етеді. Ойынның коммуникативтік қарым-қатынасты қалыптастыруда бірнеше түрі бар:

Заттық ойын – қоршаған заттар мен балалар ойыны барысында бала оларды тиісті орында пайдалануды үйренеді.

Рөлдік ойындар – бірлескен топтық ойын барысында балалар өздерінің арнайы жасаған көріністік жағдайларында өздеріне түрлі әлеуметтік рөлдерді алатын ойын.

Символдық ойын – шындық символдар белгілер түрінде белгіленіп, ал әрекеттер абстрактылы, символдық формада орындалатын ойын.

Көріністік (сюжеттік) ойындар – адам өмір шындықтарын, ертегі, әңгімелерді және т.б. балалардың көріністік қайта жаңғырту ойыны. Ойын балалардың негізгі іс-әрекеті ретінде психологиялық, анатомиялық-физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Балалар ойындарының тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А. С. Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін, еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады».

Ойын – адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып өз білімін жетілдіреді.

Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Шыққан нәтижесінде өзі көрген жағдайларды, отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Ойын балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін қалыптастырады. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір-біріне деген сенімен арттырады. Ойынның

түрлері өте көп. Коммуникативтік ойындар – 5–6 жастағы балалардың қарым-қатынасты дамытудағы ең қарапайым және тиімді жолдарының бірі болып келеді. Соның ішінде ойын-сабақ, ойын-жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық мақсаттағы ойындар, логикалық ойындар, грамматикалық ойындар, ұлттық ойындар, т.б. Мұндай ойындар оқушыны жан-жақты дамытып, білімді толық игеруіне көмектеседі.

Егер де мектеп жасына дейінгі балаларға сөйлеу дағдысы қалыптастыру әдістемелерін жоспарлы, белгілі бір мақсатқа негіздеп ұйымдастырса соғұрлым балалардың дұрыс сөйлеу дағдылары қалыптасып, нәтижелілігі жоғары болмақ. Балабақшадағы мектепке дейінгі 5-6 жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру жолы ойын арқылы дамып жетілетінін естен шығармаған абзал.

«Ойна да күл, оқы да біл» – деген халық даналығына сүйене отырып, коммуникативтік дағдылары мен мектепалды жасына сай жағдайлық – іскерлік тудырып, дамагершілік қарым-қатынас орнатуда балабақшаның маңызы зор екенінін естен шығармаған жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аниеева Н.П. Воспитание игрой: кн. для учителя. – М.: Просвещение, 2007. – 144 с.
- 2 Аппатова Р.С. Кожачкина О. М. Языковой и коммуникативный аспекты овладения речью // Воспитание в детском саду. – 2007. – № 1. – С. 7–14.
- 3 Быстрова Е. А. Коммуникативная методика в формировании коммуникативных навыков // Воспитание в детском саду. – 2006. – № 1. – С. 3–8.
- 4 Волков Б.С., Волкова Н. В. Психология общения в детском возрасте: учебное пособие. – М.: А.П.О., 1996. – 344 с.
- 5 Выготский Л.С. Игра и ее значение в психической жизни ребенка // Вопросы психологии. – 2006. – № 6.
- 6 Петров А.П. Работа по развитию коммуникативного поведения дошкольников в условиях детского сада // Ребёнок в детском саду. – 2013. – № 2. – С. 25–35.
- 7 Галигузова Л.Н., Смирнова Е.О. Ступени общения: от года до семи лет. – М.: Просвещение, 2012. – 143 с.

REFERENCES

- 1 Anikeeva N.P. Vospitanie igroy: kn. dlya uchitelya. – M.: Prosveshchenie, 2007. – 144 s.
- 2 Appatova R.S. Kozhachkina O.M. Yazykovoy i kommunikativnyy aspekty ovladeniya rech'yu // Vospitanie v detskom sadu. – 2007. – № 1. – S. 7–14.
- 3 Bystrova E.A. Kommunikativnaya metodika v formirovaniy kommunikativnyh navykov // Vospitanie v detskom sadu. – 2006. – № 1. – S. 3–8.
- 4 Volkov B.S., Volkova N.V. Psihologiya obshcheniya v detskom vozraste: uchebnoe posobie. – M.: A.P.O., 1996. – 344 s.
- 5 Vygotskiy L.S. Igra i ee znachenie v psihicheskoy zhizni rebenka // Voprosy psihologii. – 2006. – № 6.
- 6 Petrov A.P. Rabota po razvitiyu kommunikativnogo povedeniya doshkol'nikov v usloviyah detskogo sada // Rebyonok v detskom sadu. – 2013. – № 2. – S. 25–35.
- 7 Galiguzova L.N., Smirnova E.O. Stupeni obshcheniya: ot goda do semi let. – M.: Prosveshchenie, 2012. – 143 s.

РЕЗЮМЕ

Д.Т. Каримова,

Ясли-сад № 2 (г. Аксу),

Ж.К. Даниярова, кандидат педагогических наук

Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)

Формирование коммуникативных навыков у детей дошкольного возраста 5–6 лет в условиях детского сада

В данной статье рассматриваются особенности процесса формирования коммуникативных навыков у детей 5–6 лет в условиях детского сада. Автор отмечает что, при формировании коммуникативных навыков у детей 5–6 лет возникает потребность в ситуативно-деловом сотрудничестве со сверстником. Содержанием общения становится совместная игровая деятельность, параллельно возникает потребность в признании и уважении сверстника. Расширение круга общения требует от ребенка полноценного овладения средствами общения, основным из которых является речь. Высокие требования к развитию речи предъявляет и усложнившаяся деятельность ребенка. Развитие речи идет в нескольких направлениях: совершенствуется ее практическое употребление в общении с другими людьми, вместе с тем речь становится основой перестройки психических процессов, орудием

мышления. Также умение общаться формируется прижизненно и является результатом социального опыта.

Ключевые слова: коммуникативные навыки, дошкольный возраст, ситуативно-деловое общение, детский сад, сюжетно-ролевая игра, психологические особенности.

RESUME

D.T. Karimova,

Kindergarten № 2 (Aksu),

Zh.K. Daniyarova, *Candidat of pedagogical Sciences*

Innovative University of Eurasia (Pavlodar)

Formation of communicative skills in preschool children aged 5–6 years in a kindergarden

This article examines the features of formation process of communication skills of children aged 5–6 years in kindergarden. The author notes that, during the formation of communicative skills of 5–6 year old children there appears a need for situational and practical cooperation with peers. The content of the communication becomes activities that are made together, there is also a need to be admitted and respected by their peers. Widening the circle of peers requires the child to master all of communication tools, the main of which is speech. The child's activity also requires the fast development of speech and makes the speech more diverse and complicated. The development of speech is done in several ways: improving its practical use in communicating with other people and at the same time it becomes the basis for the restructuring of mental processes, an instrument of thought. Also, the ability to communicate is formed in vivo and is the result of social experience.

Keywords: *communication skills, preschool age, situational and practical communication, a kindergarden, a role-playing game, the psychological characteristics.*